

**№1 Тапсырма:** Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Мемлекеттің табиғат ресурстар байлығын қалай бағалайды?
2. Осы көрсеткіш қандай формулалар арқылы есептелінеді?
3. Адамның шаруашылық әрекеті табиғат ресурстарының қорына қалай әсер етеді? Жауаптарыңызды нақты мысалдармен толықтырыңыз.
4. № 9 сызбанұсқа бойынша дүниежүзі елдерінің барланған (разведанный) пайдалы қазбалармен қамтамасыз етілуін талдаңыз және өз көзқарастырыңызды айтыңыз.
5. Табиғат ресурстардың қорын сақтап қалу үшін қандай шараларды қолдануға болады?

### Ресурстармен қамтамасыз етілуі.

Жердің географиялық қабығында орасан зор және сан аулан табиғат байлықтары бар. Бірақ олардың түр-түрінің қоры мүлде бірдей емес, оның үстіне әрқелкі таралған. Сайып келгенде, жеке аудардың, елдердің, және материктердің байлығы әрқелкі болады. Мемлекеттің табиғат ресурстар байлығын ресурспен қамтамасыз етілуімен бағаланады.

Ресурстармен қамтамасыз етілуі деген табиғат ресурстардың шамасы мен олардың пайдалану мөлшерінің арақатынасы (соотношение). Ол осы ресурстың жететін жыл санымен немесе жан басына келетін қорымен есептеледі. Осы көрсеткіш елдің бай немесе кедей болуы әсерін тигізеді. Бірақ осы көрсеткіш өндіру (тұтыну)көлеміне тығыз байланысты. Ресурстармен қамтамасыз етілуді мына формулалар бойынша есептейді:


$$P = Q : X, \quad P = Q : \Theta,$$

бұл жерде **P** - ресурстармен қамтамасыз етілу, **Q** - қор мөлшері, **X** - халық саны,

**Θ** - өнім (добыча)

Өндіріс өзінің даму барысында күннен-күнге табиғат ресурстарының көптеген түрлерін қамти отырып, оның пайдалану көлемін арттыра түседе. Дүниежүзіндегі өнеркәсіптік өндіріс 1860 жылдан 1990 жылдарға дейін 120 есеге ұлғайды. Бұл жер бетіндегі барлық табиғат ресурстарын пайдаланудың шұғылөсуіне алып келеді. Бұл жағдай өз кезегінде табиғат ресурстары қорының сарқылуына апарып соқтырады. Мұнай, көмір, қорлары айтарлықтай дәрежеде сарқылыа, түсті және бағалы металдардың қорлары таусылуға жақын қалды.

Табиғат ресурстарының сапасы нашарлады. Судың, топырақтың, ауаның өнеркәсіптік, ауыл шаруашылықтық, тұрмыстық қалдықтармен ластануы осы ресурстардың сапасы нашарлатып, төмендетіп отыр. Кен орындарының (месторождения полезных ископаемых) азаюына байланысты өнімді аз беретін өндіріс орындары іске қосылуда. Бұл қоршаған ортаға шығарылатын бос тау жыныстарының көлемі өсуде деген сөз. Ресурстарға өздігінен тазаланатын және қалпына келетін, сарқылмайтын кен ретіндегі көзғарасты өзгерту қажет. Оған ресурс сақтау технологияларды, үнемді пайдалану, шикізатты қайта өңдеуді кешенді және толық жүргізу, туынды шикізатты кеңінең қолдану сияқты шараларды жүргізу арқылы қол жеткізуге болады.



Қолданған ресурстар :

1. Ә. Бейсенова және басқалар География: Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Алматы: Мектеп, 2010 §21-22
2. Популях Л.Н. Сарамандық жұмыстар Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. 10 сынып Алматы: Pride Print
3. В. П. Максаковский Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. 10 сынып Алматы: «Рауан», 1998